

Балық шаруашылығын дамыту жоспарының Типтік нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитеті Төрағасының 2006 жылғы 6 наурыздағы N 16-6/28п Бұйырығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 10 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4114. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 19 сәуірдегі N 276 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010.04.19 N 276 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 102 қаулысымен бекітілген Балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру бойынша конкурс өткізу ережелерінің және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарының 23-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Балық шаруашылығын дамыту жоспарының Типтік нысаны б е к і т і л с і н .
2. Осы бұйрық 2006 жылғы 15 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Балық шаруашылығы комитеті
төрағасының 2005 жылғы
6 наурыздағы N 16-6/28п

бұйрығымен бекітілген

"Келісілді"

« "Бекітемін"

_____ (

а у м а қ т ы қ

о р г а н н ы ң

а т а у ы ,

б а с т ы ғ ы н ы ң

а т ы - ж ө н і , ә к е с і н і ң а т ы ,

қ о л ы)

200 ____ жылғы» " ____ "

200 ____ жылғы " ____ "

2006-2015 жылдарға арналған

(балық шаруашылығы ұйымының атауы)

Балық шаруашылығын дамыту жоспарының

Типтік нысаны

№ р/т	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Бөлінетін қаржы көлемі (мың теңгемен алғанда)	Аяқталу нысаны
Балық ресурстарының өсімін молайту бойынша іс-шаралар				
	Балық ресурстарының өсімін молайтуға бағытталған өтініш берілген қаржыландыру көлемі	жыл сайын 1 тоқсаннан кешіктірмей	2006 жылдан бастап 10 жыл бойы жыл сайын	Ұйымдарға (балық өсімін молайтуға бағытталған кәсіпорындар) балық шабақтарын өсіру мен шығаруға және өтініш берілген қаржы көлемін төлеуге тапсырысты орналастыру шарты
Балық қорғау іс-шаралары				
	Белгіленген норматив бойынша қажетті материалдық-техникалық құралдармен жарактандырылған қорықшылық қызметті құру	2006 жылдың 1-жарты жылдығы	Қаржы жан-жақты қорықшылық қызметті құруға қажетті мөлшерде бөлінеді	Қорықшылар штатына енгізу арқылы қорықшылық қызмет құру және оларды жарактандыру үшін қажетті материалдық-техникалық құралдарды сатып алу туралы бұйрық
	Басқа да қорғау іс-шараларын орындау (аншлағтар, қоршаулар,	Аумақтық органның келісімі бойынша тұрақты	Қаржы жоспарланған іс-шараларды толық орындау	Басқармамен келісілген іс-шаралар жоспары және оның

	ақпараттық стендтер және т.б. дайындау мен орнату)	түрде (бұдан әрі - Басқарма)	үшін қажетті мөлшерде бөлінеді	орындалуы жөніндегі есебі
Ағымдағы мелиорацияны жүргізу бойынша іс-шаралар (балық өсіру-мелиоративтік жұмыстары)				
	Су тоғандарының қатып немесе суалып қалуын болдырмауға байланысты іс-шараларды жүргізу	Жыл сайын аумақтық уәкілетті органмен келісілген іс-шаралар жоспарына сәйкес	Қаржы жоспарланған іс-шараларды толық орындау үшін қажетті мөлшерде бөлінеді	Басқармамен келісілген іс-шаралар жоспары және оның орындалуы жөніндегі есебі
	Балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін, ұйықтарды) шөп басудан, түбіртектерден тазарту мен ұстау және судың түбін тегістеу	Жыл сайын	Қаржы жоспарланған іс-шараларды толық орындау үшін қажетті мөлшерде бөлінеді	Аумақтық уәкілетті органға көрсетілген іс-шараларды орындау қорытындысы бойынша есеп беру
	Бөлектеніп қалған су тоғандарынан шабақтарды құтқару	Уәкілетті органмен келісілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл сайын 2-3 тоқсанда	Қаржы көрсетілген іс-шараларды толық орындау үшін қажетті мөлшерде бөлінеді	Басқармамен келісілген іс-шаралар жоспары және оның орындалуы жөніндегі есебі
Өндіру және өңдеу базасын техникалық қайта жарақтандыру				
	Өңдеу бойынша технологиялық жабдықтарды сатып алу, жаңарту	Жыл сайын	2006 жылдан бастап 10 жыл бойы жыл сайын	Техниканы (технологиялық жабдықтарды) сатып алу және Басқармаға растайтын құжаттарды беру
				Арнайы көлік пен жүзу

	Арнайы көлік пен жүзу құралдарын сатып алу және жөндеу: -авторефрижераторлар -көліктік және өңдейтін жүзу құралдары	Жыл сайын	2006 жылдан бастап 10 жыл бойы жыл сайын	құралдарын сатып алу және Басқармаға растайтын құжаттарды беру
	Балық және басқа да ресурстар (ғылыми ресурстар) жағдайын зерттеу бойынша іс-шараларды қаржыландыру	Жыл сайын, 1-тоқсаннан кешіктірмей (2006 жылы)	2006 жылдан бастап 10 жыл бойы жыл сайын	Басқармамен келісілген тақырып бойынша ғылыми ұйымдардың шарты, биологиялық негіздеме

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК